

ӘОЖ 2-7+29

А.Қ. Дүйсенбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ

E-mail: albina_87.03@mail.ru

Қазақстан Республикасындағы тыйым салынған діни ұйымдар

Аңдатпа. Қазақстан Республикасындағы діни ахуал мәселесі қарастырылады. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының шешімімен тыйым салынған діни бірлестіктер тізімі бойынша әр бірлестікке байланысты түсініктеме беріледі. Аталған ұйымдардың қызметі, тыйым салыну себебі мен террорлық әрекеттері және оның салдары сарапталады. Аталған ұйымдардың таралу аймағы және олардың қоғамға зиянды істері, дін ұстанушыларға психикалық және физикалық күштеу көрсету әрекеттері сынға алынады. Қазіргі таңда ұлттық деңгейде Қазақстан территориясында тыйым салынған террористік және экстремистік құрылымдар саны 16-ға жетті.

Мақалада автор Қазақстан Конституциясы бойынша еліміз тәуелсіз және зайырлы мемлекет болғандықтан адамның санасына кері әсер ететін кез келген діни бірлестікті қоғамға қауіпті деп танып, оларға заңды түрде тыйым салуды ұсынады.

Түйін сөздер: экстремизм, терроризм, радикалдык, толеранттылық, діни бірлестік.

Қазақстан Республикасы көпұлтты, көп дінді, тәуелсіз, зайырлы мемлекет. Түрлі тарихи кезеңдерден өткен қазақ халқының бүгінгі тарих төріндегі орны ерекше. Біз дамушы елдер қатарына қосылып, әлемдік саясатта өзіндік орны бар, сонымен қатар ынтымағы мен бірлігі жарасқан елміз деп айтуға толықтай құқылымыз. Осының барлығы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сындарлы саясаты, ел басқарудағы көрегенділігі екендігі айқын. Елдің саяси жағдайының тұрақтылығында діннің алатын орны ерекше. Бұл туралы қай заманда да түрлі пікірлер, еңбектер жазылған. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасындағы діни жағдайды зерттеуде де дәл осы діни жағдайдың халық бірлігіндегі рөлі, сонымен қатар қазақ елінің атам заманнан ұстанған діни ислам, және екінші басым бөлігі ұстанатын православие діни туралы айтпау мүмкін емес. Осы діндер арасындағы түсіністік пен сұхбаттастықтың әлемдік үйлесімділік үлгісі бұл ҚР жыл сайынғы өткізіліп отыратын «Әлемдік діндер съезін» айтуға болады. Бйылғы жылы бұл шара 4-ші рет өткізіліп отыр. ҚР өз азаматтарының ерік бостандығы мен қауіпсіздігін бірінші орынға қоятын бірден-бір мемлекет. Мұның дәлелі ретінде «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» [1], сонымен қатар азаматтардың құқығына қол сұғып, осы заң

қағидаттарына қарсы әрекет ететін ұйымдарға заңды түрде шара қолдануына да байқауға болады. Қазақстан Республикасының әрбір азаматы ол мемлекеттің басты қазынасы, және мемлекетіміз азаматтардың бостандық құқын қашанда биікке қойып келеді. Қазақстанда соңғы он жылдықта қалыптасқан жаңа қоғамдық-саяси ахуалдың көріністеріне назар салсақ, қоғамдағы дін мен діни бірлестіктердің рөлі өзгерді. Яғни, дін мен діни бірлестіктердің қоғамдық беделі және қоғамдық өмірдің әр түрлі тұстарына ықпалы айтарлықтай өсіп, мәртебесі кеңейді. Қысқа мерзім ішінде дінге сенушілердің және діни бірлестіктердің саны бірнеше есеге артып, қоғамда олардың қызметінің белсенділігі жоғарылады, қазақстандық қоғамның әлеуметтік құрылымының маңызды бөлігіне айналды, мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың сипаты өзгерді [2].

Мемлекет тарапынан атқарылып отырған мұндай іс шараның бірден бір мақсаты ұлттық қауіпсіздікпен ҚР азаматтарының құқығын қорғау болып табылады. Ұлттық қауіпсіздік мәселесінде терроризмге қарсы іс әрекеттер, террордың алдын алудың негізі. ҚР терроризм құбылысына оның түрлі формаларына бірлесе, күш біріктіре күресіп отырған мемлекеттердің бірі. Сонымен қатар бұл мәселеде тиісті органдар жыл сайын

БҰҰ контртеррористік комитетіне есеп беріп отырады. Халықаралық контртеррористік коалляциялар қызметіне де белсенді ат салысатын мемлекет. Қауіпсіздік мәселесін күшейту мақсатында алғаш 2003ж антитеррористік орталық құрылды. 2005ж мемлекет өз ішінде терроризммен күресу аясында белсенді іс шаралар жүргізіп, қажетті протоколдарға өзгерістер енгізді. Бұл мәселе өте мұқияттылықты және жауапкершілікті талап ететінін сезіне отырып Қазақстан Республикасы ТМД мемлекеттеріндегі антитеррористік орталықтармен бірлесе жұмыс жасауда. Әлбетте терроризммен күрес тек мемлекет деңгейінде емес сонымен қатар жаһандық деңгейде қолға алады қажет етеді.

Қазіргі таңда ұлттық деңгейде Қазақстан территориясында тыйым салынған террористік және экстремистік құрылымдармен бірге, мынадай діни ұйымдар да қосылды:

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 15 қазандағы шешімі негізінде:

- 1) «Аль-Каеда»,
- 2) «Шығыс Түркістандағы исламдық қозғалыс»,
- 3) «Өзбекстандағы исламдық қозғалыс»,
- 4) «Күрд Халық Конгресі» («Конгра-Гел»).

2. Жоғарғы Соттың 2005 жылғы 15 наурыздағы шешіміне сәйкес:

- 1) «Асбат аль-Ансар»,
- 2) «Братья-мусульмане»,
- 3) «Талибан» қозғалысы,
- 4) «Боз гурд»,
- 5) «Орталық Азиядағы Жамаат моджахедтар»,
- 6) «Лашкар-е-Тойба»,
- 7) «Әлеуметтік реформалар Қоғамы».

3. Астана қаласы сотының 2006 жылы 17 қарашадағы шешіміне сәйкес:

- 1) «АУМ Синрикё»,
- 2) «Шығыс Түркістанды азат ету ұйымы».

4. Астана қаласы сотының 2008 жылғы 5 наурыздағы шешіміне сәйкес:

- 1) «Түркістан ислам партиясы»

5. Астана қаласы сотының 2005 жылғы 28 наурыздағы шешіміне сәйкес:

- 1) «Хизб-ут-Тахрир»

6. Мамандандырылған ауданаралық Алматы қаласы сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы және Астана қаласы сотының 2009 жылғы 12 қаңтардағы шешімімен:

- 1) Адамдарды қозғалыс методы (өзін-өзі

емдеу) арқылы емдеу деп бұқаралық ақпарат құралдары арқылы үгіт насихат таратқан Абдуллаев Ф.М. (Фархат-ата), ол «Алла-Аят» деген атауға ие.

7. Мамандандырылған ауданаралық Алматы қаласы сотының 2009 жылғы 5 ақпандағы шешімімен:

- 1) «Ата жолы» және «Ақ жол» [3].

«Аль-Каеда» – әртүрлі елдердің соғысқұмар адамдары қаржыландыратын және қызметіне бағыт беретін халықаралық ұйым. Басқа атауы: (араб. – «база», «негізі», «платформа»), «Каеда», «База», «Исламдық армия», «Бүкіләлемдік еврейлер мен крестшілдерге қарсы исламдық исламдық жихад фронты», «Исламдық қасиетті жерлерді азат ету армиясы», «Усама бен Ладен ұйымы», «Исламды құтқару фонды», «Қасиетті жерлерді қорғау тобы». Құрылған күні мен орны: 1988 жылы, Ауғанстан. Негізін қалаушы: сауд исламисті Осама бен Ладен 1990 ж құрған.

«Аль-Каеданың» басты мақсаты: мұсылман елдеріндегі «шіріген» және «еретикалық» басқару режимін құрту, ол жерлерге шарифатты билік орнату болып табылады. «Аль-Каеда» антибатыстық радикалды бағытты ұстанады және Американы исламның басты жауы деп санайды. Ал, Америка болса «Аль-Каеданы» және Осама бен Ладенді террорлық әрекеті үшін, соның ішінде Нью-Йорктегі және Вашингтондағы 2001 жылғы 11 қыркүйек терактысы үшін кінәлі санайды.

«Шығыс Түркістанның исламдық партиясы» – халықаралық террористік ұйым. Басқа атауы: «Исламское движение Восточного Туркестана», «Партия Аллаха», «Революционный фронт народов Восточного Туркестана». Құрылған жылы: 1998 жыл. Негізін қалаушылар: Айсан Махсум және Абудукадир Япуцюань.

Басты мақсаты: Қытайды террористік әдіспен қирату, Шынжан аумағында біріккен «Шығыс Түркістан исламдық мемлекетін» құру болып табылады. Бұл ұйымның жақтастары Алматы ауданынан табылды, осы ұйымның мүшелері 2000 жылы Алматыда екі полицейді өлтірді, оларды ұстағаны үшін қарулы қақтығыс көрсетті, нәтижесінде жойылуына әкеп соқты.

«Өзбекстандағы исламдық қозғалыс» – бірден-бір қауіпті халықаралық террористік ұйым. Басқа атауы: «Исламское движение освобождения Узбекистана», «Партия исламского возрождения». Құрылған жылы: 1996 жыл. Негізін қалаушы: Тахир Юлдашев.

Басты мақсаты: Ферғана жазығында ислам мемлекетін құру. Олар «Аль-Каеда», «Талибан», «Хизб ат-Тахрир», «Братья-мусульмане» және т.б. ұйымдармен тығыз қарым-қатынас жасайды. Ұйым көшбасшылары елдің конституциялық құрылысын қиратып, исламдық мемлекет құруды көздейді. Қазақстанды экстремистік әрекет жасаудың «плацдармы» ретінде қолдануды қарастырған, мысалы, 3 жыл бойы (1999-2002) біздің елімізде Өзбекстанның 13 іздеу салынған адамы ұсталып отырды. Ұйымның қызметіне Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 15 қазандағы шешіміне сәйкес тыйым салынған.

«Күрд Халық Конгресі» – басқа атауы: «Конгра Гел», «Рабочая партия Курдистана». Құрылған күні мен орны: 27 қараша 1978 жыл. Қозғалыс көшбасшысы: Абдулла Оджалан.

Негізгі мақсаты: Қарулы күрес арқылы Түркияның оңтүстік-шығысында күрд мемлекетін құру. 1998-1999 жылдары Алматыда күрд диаспорасының көшбасшылары мен белсенділері антитүріктік бағытқа экстремистік акция ұйымдастырды. Одан кейін мұндай акция 2006 жылы өтті.

«Асбат аль-ансар» – маркстік-лениндік ағымдағы исламдық ұйым. Басқа атауы: “Партизан лигасы”. Құрылған күні мен орны: 1989 жылы, Эйн аль-Хильведе. Негізін қалаушы: шейх Хишам Шрейди.

Басты мақсаты: Палестинадағы израилдық оккупациямен күрес және Ливанды батыстық ықпалдан қорғау. Ол Аль-Каедамен тікелей байланыста және оған кадрлар жеткізіп тұруға міндеттенеді. 2000 жылы «Асбат-аль-Ансар» Бейрутта Ресей елшілігін гранатометпен атып тастады. МакДональдс рестораны мен БАҚ редакциясына шабуыл жасады. Қазақстан Республикасы Ұйымның қызметіне Жоғарғы Сотының 2005 жылғы 15 наурыздағы шешіміне сәйкес тыйым салынған.

«Братья мусульмане» – халықаралық діни-саяси террорлық ассоциация. Басқа атауы: (араб. ЗБЕОЖЗд ЗбГУбгждээ, Аль-Ихван аль-Муслимун). Құрылған күні мен орны: 1928жыл наурыз, Исмаилия (Египет). Негізін қалаушы: оқытушы Хасан аль-Банна

Негізгі мақсаты: исламдық емес үкіметті жою және әлемдік масштабта «Ұлы Ислам халифаты» деп аталатын билікті құру.

«Талибан» қозғалысы – қашқын-пуштундарға

арналған діни училищелерді (медресе) бітірген түлектерден құрылған ультраконсервативтік исламдық қозғалыс. Құрылған күні мен орны: 1989 жыл, Пәкістан. Негізін қалаушы: молда Мухаммед Омар. Қозғалыс орталығы: Кандағар қаласы (Ауғанстанның оңтүстік-шығысы).

Басты мақсаты: «Шынайы исламдық» мемлекет құру және ауған моджахедтарының барлық әскери-саяси топтарын Б.Раббани үкіметіне қарсы бағыттау. Талиб үкіметін тек үш мемлекет қана таныды: Пәкістан, Сауд Арабиясы және Біріккен Араб әмірлігі. Ұйымның қызметіне Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2005 жылғы 15 наурыздағы шешіміне сәйкес тыйым салынған.

«Боз Гурд» – түрік әскерлендірілген ұйымы. Басқа атауы: (азерб. Voz Qurd, тур. Voz Kurd), “Сұр қасқырлар”. Құрылған күні мен орны: 1965-70 жылдар. Негізін қалаушы: полковник Альпарслан Түркеш. 1968 ж. «Боз гурд» өзге екі жартылай әскерлендірілген бірлестіктермен бірігіп, альянс құрады. Ол Партиялық ұлттық қозғалысқа айналады.

Басты мақсаты: туранизм – түркі халықтарының біріккен мемлекетін құру. Бүгінгі таңда Еуропа, араб елдері, ТМД-да – 30 000 мың мүшесі мен 80 филиалы бар.

«Орталық Азиядағы джаматта моджахедтар»
«Орталық Азиядағы джаматта моджахедтар» – халықаралық террористік ұйым.

Басқа атауы: «Исламдық джихад тобы»

Негізін қалаушылар: «Өзбекстанның исламдық қозғалысы» жауынгерлері

Басты мақсаты: Өзбекстан территориясында террористік акциялар ұйымдастыру және елдің конституциялық құрылысын қирату.

2004 жылы қазақстандық құқық қорғау органдары «Орталық Азия джамаат моджахедтар» террористік тобын ұстап, оны жойды. Бұл халықаралық ұйым Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей территорияларына тән.

«Лашкар-и-Тайба» – Үнді штаты Джамму мен Кашмирдағы (Пәкістан) әскерлендірілген экстремистік суннитік топ. Басқа атауы: «Армия Бога», «Вонство добра», «Армия Справедливого». Құрылған күні мен орны: 1980 жыл, Кунар провинциясы (Афганистан). Негізін қалаушы: профессор Хафиз Мухаммад Саид.

Басты мақсаты: әлем мұсылмандарының басын біріктіру, моджахедтарға әскери көмек беру, әртүрлі террористік ұйымдарға қаржылай көмектесу. Пәкістандық фундаменталистік

ұйымның әскерилендірілген қорғаны «Марказ дава уль иршад». Кейбір деректерге сәйкес, Пәкістан үкіметінің тыйым салуынан қорқып, «ЛиТ» өз атауын 2002 жылы Джамаат уд-Давада өзгертіп тастады.

«Әлеуметтік реформалар қоғамы» – террористік ұйым. Басқа атауы: «Джамият аль-Ислах аль-Иджтимаи». Штаб-квартирасы Эль-Кувейтте (Кувейт), Қазақстанда 1998 жылдан бастап ОҚО-да қызметін жүргізіп келе жатыр. Басты мақсаты: «Әлемдік исламдық халифат» құру жолымен исламдық емес үкіметті жойып, исламдық басқаруды енгізу. Негізгі әрекеттері: өзге діндерге төтеп беру үшін исламдық үгіт-насихат жүргізуге бағытталған, қоғамды өзгертуге бағытталған нақты жұмыстар жүргізу, Солтүстік Қазақстанда қарулы джихадты қаржыландыру.

«Аум-Синрике» («Алеф») – антиәлеуметтік бағытты ұстанған қауіпті тоталитарлық экстремистік дін. Басқа атауы: «Движение истины Аум», «Алеф». Құрылған күні мен орны: 1984жыл, Жапония. Көшбасшысы: – Секо Асахара (қазіргі таңда – Тидзуо Мацумото). Басты мақсаты: билікке ұмтылу. Әскерилендірілген ұйым. Дін өте құпия, эзотериялық сипатта құрылған. Қылмыстық әрекеттері:

1995 жылы 20 наурыздағы «Аум Синрике» Асахараның тікелей бұйрығымен Токиоға газбен шабуылы, (12 адам өліп, 5000 адам зардап шекті).

1995 жылы 22 наурызда «Аум» ғимаратында 50 адам қоршалып, ессіз күйінде табылды.

1995 жылы 16 мамырда жапон полицейлері Секо Асахараны тұтқындады. 2004 жылы сот Асахараны кінәлі деп тауып, өлім жазасына кесті.

2006 жылы 15 қыркүйекте Жапонияның Жоғарғы соты соңғы апелляциядан бас тартты. Қазіргі таңда үкім орындалған жоқ. Әлі күнге дейін 17 бап бойынша тексеру жұмыстары жалғастырылуда. Ұйымның қызметіне Астана қаласы сотының 2006 жылғы 17 қарашадағы шешіміне сәйкес тыйым салынған. «Аум Синрике» -секта Жапонияда пайда болған. Кейбір елдерде оның қызметіне тыйым салынса да, кейбір жекелеген топтары ТМД-да өмір сүріп жатыр. Аум Синрике ілімі көп ретте буддизм мәтінінің негізінде іргесі қаланған, олар негізінде өздерінде буддизм мен иоганың дүниетанымының қауіпті өоспасы ретінде танылған. Секта жетекшісі

–Секо Асахара Ресейге бірнеше рет келіп саяси және діни қайраткерлермен кездесті. Аум Синрике Жапонияда теракт, оның ішінде нәтижесінде 12 адам қайтыс болған Токио метросындағы сияқты бірнеше теракт дайындады. Сот Асахарануды 17 айыптаудың 13-і бойынша кінәлі деп тапты және 2004 жылы өлім жазасына кесті.

«Шығыс Түркістанды азат ету қоғамы» – Шығыс Түркістанда едәуір белең танытқан террористік ұйым. Басқа атауы: «Шығыс Түркістанның халықтық партиясы», «ШАТ». Құрылған күні: 1994 жыл. Қозғалыс көшбасшысы: Майматин Айзлат (Хазрет, Казрат). Басты мақсаты: ҚХР-ның Шыңжан-Ұйғыр автономиялық ауданында жеке мемлекет құру, қытай билігімен қарулы қақтығыс жүргізу.

«Түркістан ислам партиясы» (ары қарай ТИП) Басқа атауы: «Түркістан жамағаты». Құрылған күні: 1994«Шығыс Түркістанды азат ету қоғамы». Қозғалыс көшбасшысы: Майматин Айзлат (Хазрет, Казрат)

Басты мақсаты: ҚХР-ның Шыңжан-Ұйғыр автономиялық ауданында жеке мемлекет құру, қытай билігімен қарулы қақтығыс жүргізу.

«Хизб-ат-Тахрир-Аль-Ислам» – сунниттік діни-саяси экстремистік ұйым (араб. – Исламская партия освобождения).

Құрылған күні мен орны: 1953 жыл, Иерусалим, египеттік филиалы ретінде құрылды. Негізін қалаушы: жергілікті шарияттық апелляциялық соттың судьясы Такиуддин ан-Набхани Филасин. Көшбасшысы: Ата Абу Рашта, Абдул Кадим Заллума ізбасары. Басты мақсаты: бірінші – Палестинадағы сионистік экспансияға қарсы тұру, өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап – исламдық өмір бейнесін және исламдық мемлекетті қалпына келтіру. Ұйымға мүше адмдардың саны: кейбір деректерге сүйенсек, 1 млн. адам.

«Алля – Аят» – оккультті-мистикалық сипаттағы қауіпті ілім. Басқа атауы: «Аят» Фархата ата, «Фархат Ата тобы». Құрылған жылы: 1990, 1995жж.

Негізін қалаушылар: Ұйғыр ауданы, Шонжы ауылының тұрғындары, Алматы облысының колхоз шопыры Абдуллаев Фархат Мухамедұлы және оның әйелі. Абдуллаев Фархат өзін құдаймын және «Жаратушымын» деп атайды.өзі қайтыс болғаннан кейін, оның жолын әйелі Нима жалғастыруда. Негізгі методтарына үш бөлімді қосады. «Өмір формуласын»

тану. Фархат аталықтар идеологиясында оны құдаймен теңестіріп, оның жұбайын әулие деп тану қарастырылған. Сонымен қатар ешқандай дәстүрлі дінді мойындамайды. ҚР денсаулық сақтау Министірінің инициативасымен, тиісті мемлекеттік органдардың 2008 жылдың 18 мамырында жүргізген тексеруі бойынша «Алля – Аят» ұйымынан келесі сипаттар анықталды:

– «Алля – Аят» ұйымы біртіндеп діни немесе пұтқа табынушылық емес, харизматикалық сипаттағы псевдодіни ілімге айналуға, оның іс-әрекетінде оккульттік бірлестіктің ұйымдастырылған формасы жасырын, деструктивтік белгілері бар:

– «Алля – Аят» сеансы адамның психикасын деструктивтік өзгерістерге ұшырату арқылы, тұлғаның психикалық және физикалық денсаулығына зақым келтіреді

– «Алля – Аят» методикасы қазіргі заманғы медицинаның ғылыми-тәжірибелік әдістеріне қарсы қойылады және оккульттік-мистикалық бағытта;

– ұйымның негізін салушы және оның жанындағылар (шәкірттері) НЛБ (нейролингвистикалық бағдарламалау) қолданылады;

– «Күн шапағымен» емделу (күнге қарап ем алу).

Өткізілген тексерістің, зерттеудің нәтижесінде арнайы комиссия «Алля – Аят» қозғалысын ҚР азаматтарының өміріне және еркіндігіне қауіп төндіруші қозғалыс ретінде мойындауды ұсынды.

Ата жолы (Ақ жол) – пайда болу тарихы. «Ақ жол» өз қызметін ұйым ретінде 1997 жылғы ақпан айында бастады. Кейіннен «Ата жолы» деп атын өзгертіп, 2001 жылы Алматыда коммерциялық ұйым (ЖШС) ретінде тіркелген. Ұйымдастырушысы бүкіл Қазақстан бойынша көптеген шәкірттері бар Қыдырәлі Тарыбаев. «Ата жол» атты рухани-танымдық журнал, «Ата жолы әліппесі» атты кітапшаларын және басқа да басылымдар шығарып отырады. Ілімнің негізгі принциптері: аталмыш ұйымның басты мақсаты – белгілі бір төлемақыға адамнан әулие жасау. Емдеу курсы ішіне ата-бабалардың аруақтармен байланысу үшін Қазақстанның оңтүстік аймақтарындағы киелі жерлерге бару кіреді. Адамды оның сәуегейлік пен емшілік қасиетіне ие екендігіне және адамдарды кеселден емдей алатындығына сендіреді. Егер ол аруақтардың шақыруына құлақ аспас болса ол бақытсыздыққа ұшырайды.

Еліміздің құқық қорғау органдары тарапынан «Ақ жолды» қаржыландыру көздерінің «Алля аяттағы» секілді ұстанушыларының міндетті ақша аударулары болып табылатындығы анықталған. Қаржыландыру ұстанымдары ағымның әр мүшесінің ағым құралымындағы деңгейін көтеру үшін өзімен бірге жаңа ұстанушыларды көбірек әкелуі жағынан «қаржылық пирамидаларға» ұқсайды. Ведомствоаралық комиссияның «Ата жолының» қызметіне берген бағалары бойынша, «Ата жолы» сенімін ұстанушылар республиканың 9 аймағында: Шығыс Қазақстан облысы, Солтүстік Қазақстан облысы, Ақмола, Ақтөбе, Қарағанды, Қостанай, Жамбыл облыстарында, Астана мен Алматы қалаларында топтасқан. «Шырақ жағу», «ақтық жабу», «бата шығару» сеанстары өткізіліп жатқан кезде «Ата жолы» қоғалысы белсенді түрде насихатталады, «ордаға» жақындарын, балаларын, жолдастары мен жұбайларын әкелу ұсынылады.

Болашағы анық, жарқын мемлекет ретінде ҚР ның ұстанып отырған бағыты көптеген мемлекеттерге үлгі болып отыр. Жылдан жылға дінаралық ынтымақтастық пен сұхбаттастық идеясы қолдауға ие болғанына көзіміз жетуде. Ал осындай ел тыныштығын бұзушы топтар әрекетіне тыйым салу бұл мәселені шешудің бір жақты шешімі. Экстремизммен күресу шаралары кешенді түрде жүргізілуі қажет. Әрбір азаматтың жауапкершілігінен бастап мемлекеттік мекемелердің бірігіп жұмыс істеуі мәселені түбегейлі шешудің нақты әрі шешімді жолы. Сондықтан елдің тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, міндеті мен жауапкершілігі ауыр мұндай шаралар, бүгінгі күні елімізде заңсыз, тіркеусіз әрекет етіп отырған діни ұйымдарға да қатысты.

Әдебиеттер

- 1 ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы. – 2011.
- 2 ҚР дін істері агенттігі // «Мемлекет және дін» журналы. – №1-2. (16-17)-2.
- 3 ҚР дін істері агенттігінің ресми сайты // www.din.gov.kz
- 4 Байтенова Н.Ж. Қазақстандағы діндер. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.
- 5 Құрманалиева А.Д. Қазіргі дәстүрден тыс діни ағымдар: қозғалыстар мен культтер // ҚР дін істері агенттігі «Мемлекет және дін» журналы. – 2012. – №1.

6 Мухаммед Ибн Абд ал-Карим. Аш-Шахрастани. Книга о религиях и сектах (Китаб ал-милал ван-нихал). – М., 1984. – С. 153.

7 Жаңа діни ағымдар ұғымы және классификациясы // ҚазҰУ хабаршысы – 2010.– №1.(33). – б.

А.К. Дүйсенбаева

Религиозные объединения запрещенные в Республике Казахстан

В законопроекте о религиозных объединениях РК закреплено, что государство отделено от религии. В данной статье акцент сделан именно на те организации деятельность которых запрещена в Казахстане решением Верховного Суда РК. Анализируются причины запрета деятельности данных организаций, проявлений террористических акций, психико-физическое влияние группировки на индивида, а также об оккультных и языческих группах, действующих на территории нашей страны, в том числе опасных для личности и общества. На данный момент число запретных религиозных организаций в РК 16.

В статье автор приходит к выводу о том, что в Конституции Казахстана прописано, что оно является независимым и светским государством, поэтому любое религиозное объединение, призывающее к насилию, свержению конституционного строя, влияющее на психику человека не имеет места в обществе.

Ключевые слова: экстремизм, терроризм, радикализм, толерантность, религиозное объединение.

A. Dusenbayeva

Prohibited religious associations in Kazakhstan

In the bill of the RK religious associations it is fixed that the state is separated from religion. In this article the accent is made on those organizations whose activity Vessels RK are forbidden in Kazakhstan by the decision of Supreme Court. Psychological influence of group on the individual, and also about the occult and pagan groups operating in the territory of our country, including dangerous to the personality and society are analyzed the reasons of a ban of activity of data of the organizations and the reason manifestation of acts of terrorism, so on. Currently, the number of forbidden religious orgagnization in RK are 16.

In article the author comes to a conclusion that it is fixed in the Constitution of Kazakhstan that it is the independent and secular state therefore any religious association calling for violence, to overthrow of the constitutional system, vliyayushche on mentality of the person doesn't take place in society.

Keywords: terrorism, extremism, radicalism, tolerance, religious association.